

34 Криминологиялық жоспарлау

1 Криминологиялық жоспарлау түсінігі, оның нысандары мен түрлері.
Криминологиялық жоспарлаудың негізі

Криминологиялық жоспарлау (бағдарлау) - қылмыстылықпен күресу мақсаттары мен міндеттерінің негізінде оларды шешу жолдары, белгілі бір уақыт ішіндегі нормативті, ақпараттық, ұйымдастырушылық, әдістемелік қамтамасыз ету жолдары айқындалатын арнайы жоспар жасау үрдісі.

Криминологиялық жоспарлау басқарушылық құжат-жоспарлар (бағдарламалар) нысанында жүзеге асырылады. Оның түрлері:

Криминологиялық жоспарлау базасы

Деңгейі мен ауқымы бойынша: республикалық, облыстық, жергілікті, жеке объектілерге қатысты

Жоспарды (бағдарламаны) бекітетін билік органы бойынша

Құрамы және олардың рольдері бойынша: кешенді, ведомствоаралық, ведомстволық

Бағыты бойынша: аумақтық және салалық

Пәні бойынша: тұтас алғанда қылмыстылықпен немесе оның жекелеген түрлерімен күресу

Мерзімі бойынша: қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді

Криминологиялық жоспарлау базасы

Криминологиялық жоспарлау базасы ретінде қылмыстылық, оған ықпал ететін үрдістер және қылмыстылыққа қарсы жүргізілетін күрестің жай-күйі туралы болжаулар, мәліметтер саналады. Жоспарлау кезінде болжамды келеңсіз құбылыстарға ықпал ету мүмкіндіктері бағаланып, ол құбылыстардың жағымсыз салдарларын төмендетуге немесе қоғам үшін тиімді қырларын ынталандыруға бағытталған іс-шаралар жүйесі бекітіледі.

2 Бағдарламалар мен жоспарлар

Криминологиялық жоспарлаудағы бағдарламалар мен жоспарлар

Бағдарлама қылмыстылықпен күресуді басқарудың стратегиялық деңгейінде дайындалады. Бағдарламада салыстырмалы түрде ұзақ мерзімде қылмыстылықпен күресудің мақсаттары мен міндеттері, олардың бағыттары және өзге де әлеуметтік мақсаттармен байланысы, қылмыстылықпен күресу субъектілері мен тәсілдері жүйесі және т.б. айқындалады.

Жоспар қылмыстылықпен күресу субъектілерінің міндеттері, бағыттары, функциялары бойынша, осы күресті ұйымдастыру шаралары (нақты түрлері, тәртібі, кезектілігі, орындалу мерзімдері, жауапты адамдар) бойынша нақтыланады.

3 Мерзімі бойынша криминологиялық жоспарлау

Қамтылатын уақыт кезеңдеріне қарай криминологиялық жоспарлау түрлері

Қысқа мерзімді криминологиялық жоспарлау
бір тоқсанға, жартыжылдыққа, бір жылға есептеледі және жақын арада объективті дүниеде орын алатын немесе болжамды мән-жайлардан туындайтын ағымдағы мәселелерді шешуге бағытталады

Орта мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлау
қылмыстылықпен күресудің белгілі бір болашағына бағытталады, ұзақ мерзімге міндеттер қоюды, оларды жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдерін анықтауды көздейді

Сондықтан орта мерзімді және ұзақ мерзімді криминологиялық жоспарлау қылмыстылықпен күресу субъектілерінің міндеттерінен, бағыттарынан, шешу жолдарынан туындайтын кешенді стратегиялық мақсаттады айқындайтын ірі ауқымды бағдарламалар нысанында әзірленеді

4 Кешенді, ведомствоаралық, ведомстволық криминологиялық жоспарлау

Қатысушылардың құрамы және олардың рольдері бойынша криминологиялық жоспарлау

Кешенді және ведомствоаралық криминологиялық жоспарлау

Кешенді және ведомствоаралық криминологиялық жоспарлау белгілі бір аумақтағы, әлеуметтік өмірдің, шаруашылықтың белгілі бір саласындағы қылмыстылықпен күресудің міндеттерін және тәсілдерін қамтиды;

Негізгі міндеті қылмыстылықтың алдын алудың түрлі субъектілерінің әрекеттерін үйлестіру және қылмыстылықпен күресудің тиімді жолдарына бағыттау

Ведомстволық криминологиялық жоспарлау

Ведомстволық криминологиялық жоспарлау қылмыстылықпен күресу қызметін жүзеге асыратын тиісті ведомствоның, органның функционалдық сипаттамасына сәйкес міндеттері мен тәсілдерін қамтиды

Ведомстволық криминологиялық жоспарлауды өздерінің міндеттері мен құзіреті шегінде ішкі істер, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік органдары, сондай-ақ қылмыстылықпен күресуде арнайы функцияларды атқаратын өзге де органдар жүзеге асырады